

**Қызылқоға аграрлы – техникалық колледжі КМҚК-нің
«Қамқоршылық кеңес» отырысының**

Хаттамасы

№1 отырыс

Сағыз ауылы

13.01.2023 жыл

Қызылқоға аграрлы-техникалық колледжі КМҚК-нің жанынан ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылдың 27 шілдедегі №355 бұйрығы негізінде құрылған Қамқоршылық кеңесінің жоспарлы отырысы болып өтті.

Қатысқандар саны: 9

Күн тәртібінде:

1. Атырау облысы білім беру басқармасының бұйрығымен таныстыру –Ж.Кукембаев
2. Қамқоршылық кеңесінің құрамын, кеңес төрағасын қайта сайлау.
3. Қамқоршылық кеңесінің 2022 – 2023 оқу жылына арналған жоспарын жасақтау, бекіту.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша колледж директоры **Ж. Кукембаев сөз сөйледі:** 2022-2023 оқу жылы басталысымен Қамқоршылық кеңесінің мүшелерінің уәкілеттілігі аяқталуына байланысты колледждің әлеуметтік желілерінде «қайырымдылық жасаушы өкіл» болуға ұсыныстар қабылданатындығы жөнінде хабарландыру жарияланды. Он жұмыс күн ішінде үміткерлердің сұранысын күттік, ешкім болмаған соң өз тарапымыздан жеке кәсіпкер Т. Бекбауовқа, ата-аналар Н. Жұмырбай, А. Нұрғалиеваға ұсыныс білдірдік. Келісімін жазбаша түрде алғасын Атырау облыстық білім беру басқармасының басшысына хат жолданды. Басқарма басшысының бұйрығымен біздің колледжіміздегі Қамқоршылық кеңестің құрамына сіздерді бекітіп берді. Ендігі кезекте алдымыздағы оқу жылына кеңес төрағасын сайлау, атқарылатын жұмыстарды талқылау.

2. **Әлеуметтік педагог Г. Сайфолла:** Өткен 2021-2022 оқу жылында колледждегі Қамқоршылық кеңестің төрайымы міндетін ата-аналар комитетінде сайланған М. Бөлекбаева атқарған еді. М. Бөлекбаева жыл бойы колледждегі қоғамдық жұмыстарға ата-ана ретінде де, кеңес төрағасы ретінде де белсенді түрде жауапкершілікпен ат салысты. Биылғы оқу жылында өз еркімен кеңес мүшелігінен босатылды. Соған байланысты кеңес төрағасын қайтадан сайлау қажет.

Е. Тұрған: Менің пікірім бойынша студенттердің колледждің оқу сапасы мен материалдық жағдайын жақсарту туралы ұсыныстарын ата-аналардан артық ешкім жеткізе алмайды. Сонымен қоса, ата-аналар басқа мүшелерге қарағанда колледждің тыныс тіршілігін жақсы біледі, жиі байланыста болады. Сондықтан кеңес төрағасы ретінде ата-аналар арасынан А. Нұрғалиева апайды ұсынар едім. Сіздерде өз ойларыңыз білдіріп, қарсылықтарыңыз болса айта отырыңыздар.

Барлық кеңес мүшелері А. Нұрғалиеваны кеңес төрайымы ретінде сайлауға бір ауыздан келісім берді.

А. Нұрғалиева: Сенім білдіріп, қолдау көрсетіп жатырғандарыңыз үшін алғыс білдіремін. Осы оқу жылында кеңес жұмысын жандандыру бағытында, колледж мәртебесін көтеруде жақсы жұмыс атқаруға тырысамын.


3. **Ата-ана А. Нұрғалиева:** Олай болса 2022-2023 жылдарға арнап құрылған жұмыс жоспарымен таныс болыңыздар. Осы жоспар бойынша жауапты жұмыстар атқаратын боламыз. Колледж директоры жұмыс жоспарымызды бекітіп беруіңізді сұраймын.

Қаулы:

Күн тәртібіндегі мәселелерді тыңдап, талқылай келе, төмендегідей қаулы етеді:

1. Атырау облысы білім беру басқармасы басшысының бұйрығы кеңес мүшелеріне таныстырылып, қанағаттандырылсын.
2. Қызылқоға аграрлы- техникалық колледжіндегі 2022-2023 жылдарға құрылған қамқоршылық кеңесінің құрамы басқарма басшысының бұйрығын негізге ала отырып бекітілсін, төрағасы ретінде ата-аналар өкілі А. Нұрғалиева тағайындалсын.
3. Қамқоршылық кеңестің жұмысын одан әрі жандандырып, жоспарға сай жұмыстарды ұйымдастыру кеңес төрайымы А. Нұрғалиеваға міндеттелінсін.

Жиналыс төрағасы:



А. Нұрғалиева

Жиналыс хатшысы:



Г. Бижанова